

«АБАЙДЫҢ КІСІЛІК КОДЕКСІ» - АДАМГЕРШІЛІККЕ БАСТАР ҚАҒИДАЛАР



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ҒЗИ-да 2020 жылдан бастап гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағыты бойынша «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» атты ғылыми жоба орындалуда. Аталған жоба аясында зерттеу бағытына сәйкес көптеген ғылыми жұмыстар атқарылып жатыр.

Осындай зерттеулердің бір нәтижесі - Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалып, ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде бекітілген **«АБАЙДЫҢ КІСІЛІК КОДЕКСІ»**

Жалпы, кодекс дегеніміз белгілі бір қауымдастық, қоғам мүшелері арасындағы тұлғааралық қатынастарды реттейтін белгілі бір ережелер мен нормалар жүйесі болып табылады. Абайдың «Кісілік Кодексін» де бар қазақ қоғамына, оның әр мүшесіне, қатардағы қарапайым азаматтан лауазымды

тұлғаға дейін қажет болатын өмірлік ережелер ретінде қабылдаған жөн. Кодекс Абайдай кемеңгер тұлғаның өз халқын адамшылық пен ізгілік жолынан айнымауға шақырып, әр қазақтың бойына кісіліктің, адамшылықтың қағидаларын сіңіруді мақсат еткен мәні терең, ұлағаты зор ой-тұжырымдарынан іріктеліп дайындалған. «АБАЙДЫҢ КІСІЛІК КОДЕКСІНЕ» ойшыл данышпанның кісілікке жетудің нақты жолдарын нұсқайтын 18 сөзі енген. «Құдайдан қорық, пендеден ұял» деп басталатын Кодекстің әр тармағы қарапайым ғана адами қасиеттерге, әділетке, адалдыққа жетелеп, тыңдаушының ой-санасын қозғайды. Абай Құнанбайұлының даналық сөздерінен, өлең жолдарынан таңдалып алынған тұжырымды да тағылымды қағидалардың әрқайсысы маңызды да өзекті.

Абайдың «КІСІЛІК КОДЕКСІНДЕГІ» әр қағида әрбір қазақ баласының, әр саналы кісінің ой жүйесінде орнығып, көңіліне беки түссе және оны әр қазақ күнделікті тіршілігінде ұстанса, біздің қоғамымыздың ой-өрісі мен деңгейі арта түсетіні даусыз. Қазақ қоғамының ұлттық құндылықтарға негізделген рухани әлеуетін өсіру үшін кісілік қағидаларына негізделген бұл тұжырымдардың ролі зор және осы бір тағылымды, түйінді ойлардың жалпыхалықтық сипат алып, қоғам мүшелерінің санасына орныға беруі аса қажет деп санаймыз.

Алдағы уақытта Абай ҒЗИ аталмыш «КІСІЛІК КОДЕКСІН» әркез оқырманның көзінің алдында тұрып, қолында жүруге қолайлы болатындай әртүрлі форматта ұсынады.

Л.Ж.Мұсалы, ҚазҰУ, Абай ҒЗИ